***2 орын*** *– 2-сынып оқушысы Тнымбай Ғани*
***3 орын*** *– 1-сынып оқушысы Қасен Қасым*
***3-орын*** *– 1-сынып оқушысы Жоламан Жанерке*

***«Күзгі көрініс» әр оқушы/жапырақ,түрлі күзгі өнімнен,қағаздан т.б заттардан қолөнер бұйымын  жасау.***
***Белесене қатысқаны үшін:***
*Ертай Шапағат – 5сынып оқушысы*
*Нұрланова Айым – 5-сынып оқушысы*
*Алматов Мағжан – 6-сынып оқушысы*
*Нұрлан Назым – 6-сынып оқушысы*
***«Берекелі Алтын күз!» тақырыбында ауыл тіршілігін,күзгі өнім,күзгі көрініс,жыр шумақтарын арнап,видеоролик жасау.***
***Үздік бейнеролик*** *– 9-сынып*
***Белсене қатысқаны үшін*** *– 11-сынып марапатталды.*

***«Құқық бұзушылықтың алдын алу» құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу өтті.***  Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚб УПИ полиция майоры **Әбдірахман Дидар Мерекеұлы** жоғары сынып оқушылары арасында  түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу  бағытында видеороликтер көрсетілді

8-11 сыныптар арасында **«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»** дөңгелек үстел өтті. Мақсаты қазақ халқының әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып,қыз балаға келешекте қоғамның,елдің,ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті,сыпайы,адамгершілігі мол,білімді,жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

**«Ұлттық мектеп лигасы»** волейбол ойыны өткізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша «Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу –мемлекеттің басым бағыттарының бірі тақырыбында мұғалімдерге кеңес өткізілді.

«Бір пара-екі қылмыскер» 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы өтті.

16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай  10-сыныпта «Тәуелсіздк –тұғыры» , 1-сыныпта «Менің Отаным-Тәуелсіз Қазақстан» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

Жаңа жыл меркесіне орай 9-11 сыныптарда «Жаңа жылда,жаңа нұр» атты көңілді кеш ұйымдастырылды.

**«DOSBOLLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН»** акциясы барысында 5-сыныпта **"Адал дос"** тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша **"Адал ұрпақ"** ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес **"Бүгінгі күннің талабы"** атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: «Болашақ жастар қолында» ұғымның мазмұнын ашу, жемқорлықсыз болашақты қалай құруға болатыны жөнінде ой бөлісу.
"Жас Ұлан" ұйымының **"Руханият"** бағыты бойынша **"Қыс - қарымен әдемі"** сурет байқауы өтті.
**"Көркем қыздар"** ұйымының 9-11 сынып қыздарымен **"Үлгілі үйдің қыздары..."** тақырыбында сырласу өткізілді. **"Қыздар сұлу көрінер қылығымен"** сауалнама алынды.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша **"Адал ұрпақ"** ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес 8-11 сыныптар арасында **"Адалдық жолынан айнымайық"** тақырыбында эссе байқауы өткізілді.
1 наурыз Алғыс күніне орай «Алғыс айтамыз», «Мың алғыс» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.
8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Ана –гүл,ана –жыр,ана-өмір шуағы атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.
22 наурыз мерекесіне орай «Ұлттық киімдер шеруі» дефиле өткізілді.
1 мамыр –Қазақстан халқының бірлігі күніне тәрбие сағаттары өтті.
7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр Жеңіс күніне орай бірыңғай сынып сағаттары өтті.

**Әлеуметтік қамтамасыз етудің тиімділігі**

Әлеуметтік педагогтың жұмыс нысаны – балалар, жастар, ересек адамдар, қарттар, яғни бүкіл отбасы.
Әлеуметтік педагог мектепте төмендегідей негізгі бағыттарда жұмыс жасауы қажет:
1.Диагностикалық қызметі.
2.Өз қызметі шеңберінде көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау.
3.Кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру.
4.Ерекше назардағы оқушылармен жұмыс.

5.Сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен т.б. өзара қарым-қатынасты үйлестіру.
6. Өз қызметінде әлеуметтік педагог ҚР Конституциясын, бала құқығы туралы Конвенцияны, ҚР бала құқығын қорғау туралы заңын, Отбасы туралы заңын, ҚР басқа да нормативтік актілерін басшылыққа алуы қажет.
*Білім беру мекемелерінің әлеуметтік педагогтарының құжаттары мен әдістемелік әдебиеттерінің тізімі:*
1. Бала құқығы туралы Конвенция, ҚР бала құқығын қорғау туралы Заңы.
2. Әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері.
3. Әлеуметтік педагогтың жылдық және айлық жоспарларыоқушылар тізімі.
4. Мектепішілік бақылауда тұратын отбасылар мен балалар тізімі.
5. Қорғаушылық органдарының бақылауында тұратын көп балалы, бір ата-анасымен, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары, қолайсыз отбасы балалары, мүгедек балалар тізімі.
6. Патрионаттық отбасы тәрбиесіндегі балалардың жеке карточкалары.
7. Ата-аналар үшін жадынама, әдістемелік нұсқаулар.
8. Баланың әлеуметтік мәселелерін шешу және мұғалім мен оқушы арасындағы кикілжіңді реттеуге арналған әдістемелік нұсқаулар.
9. Қала мен аудан бойынша оқушылар мен ата-аналарға арналған, олардың өзекті мәселелерін щешу жодарына көмектесетін анықтамалық ақпарат.
10. Кіріс және шығыс құжаттары.
11. Атқарылған жұмыстардың есебі.
*Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен қызмет мазмұны:*
1.Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:
1)Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп сараптайды және өңдейді.
2)Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік- педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады.
3)Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуымен анықталады.
*2.Әлеуметтік педагогтың міндеттері:*
· Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету;
· Өзара қарым-қатынаста,оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
· Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу;
· Баланың жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау;
· Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізу;
· Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу;
· Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;

· Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;
· Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу;
· Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістемесін анықтау;
· Сабақтан тыс уақытта оқушының физикалық және дарындылық талабын дамытуға жағдайлар жасау;
· Медициналық-әлеуметтік тәуекелшілдер тобына жататын балаларды анықтайды.
· Мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен балалар арасында қарым-қатынас орнатады.
· Әлеуметтік ортадағы гуманистік, рухани- адамгершілік қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді.
· Тұлғаның қоғам өміріне тиімді кірігуіне, Отанды сүю, қоршаған табиғи ортаны аялауына және азаматтық тәрбие беру шараларына ықпал етеді.
· Психологпен, мұғалімдермен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.
· Білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзіреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді
Әлеуметтік педагогтың құқығы:
· Баланың педагогикалық медициналық құжаттарын қарауға;
· Сабақтарға қатысып отыруға;
· Баланың денсаулығы мен құқығын қорғау бойынша мектеп әкімшілігінің, медициналық, педагогикалық қызметкерлерінің және қоғамдық ұйымдардың алдында көкейтесті мәселелерді қоюға;
· Медициналық- әлеуметтік мәселелер бойынша білім мекемелерінің эксперттік шешімдеріне араласуына;
· Отбасы мүшелерінің мектеп пен отбасындағы кепілдігін анықтау мәселесін (даулы жағдай) қоюға;
· Қажетті кезде тиісті органдарға ата-ана құқығынан айыру мәселесін ұсынуға, балалар мүддесін сотта қорғауға құқылы.
Әлеуметтік педагогтың әрекет ету кезеңдері:
1-кезең-оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу;
2-кезең-зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтайды, проблемалық жағдайға тап болған субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алу және жұмысты жоспарлау;
3-кезең-әрбір іспен әлеуметтік-педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асыру.

01.08 -01.09.2023 жыл аралығында жалпы Республикалық «мектепке жол» акциясы өтті. Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Ағымдағы жылы қайырымдылық акциясына ерекше көңіл бөлініп, «Жақсылықты жаса» ұранымен өткізілді. Акция барысында мектебіміздің 2 оқушысы мектепке қажетті оқу құралмен және киіммен қамтамасыз етілді. Екі отбасының жалпы суммасы 80000 теңгені

құрады. Демеушілік көрсеткен «Әйке ауылдық округі» ұжымы мен «Әйке» шекара бөлімшесінің ұжымы болды.
https://www.instagram.com/p/CwUeuXkoxk2/?igsh=NWJ4OG5sY2dkODRr
https://www.instagram.com/p/CwnkUgkoPUL/?igsh=YTVsNnlsMTg5dDlp

«Міндетті білім қорынан» қарастырылған, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар және мемлекеттік әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасынан шыққан балаларға, қамқоршылыққа алынған балаларға , сұраныс бойынша 5 отбасы 10 оқушыға ( әр балаға 40567 тг) жеке ата анасының есепшотына түсіріліп берілді.

Тамыз айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020жылғы 8маусымындағы №235бұйрығына қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 2008жылғы 25қаңтардағы №64Қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №949қаулысын негізге ала отырып, ЖБББ қорынан берілетін бір реттік тегін ыстық тамаққа өтініштер қабылданды. 5-11сынып бойынша әр түрлі санаттағы 36 оқушының тізімі жасалынып, бекітілді. 2023-2024 оқу жылында 1-4 бастауыш сынып білім алушылары 100% (жалпы саны – 68) тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Жыл басында мектеп асханасынан мониторинг жүргізу бойынша арнайы бракераждық комиссия тобы құрылды. Комиссия мүшесі 7 адамнан құралған. Комиссия құрамында қамқоршылық кеңесінің мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасалы, директордың шаруашылық меңгерушісі , мектеп психологі және әлеуметтік педагогтар кіреді. Комиссия құрамы ай сайын асхананың санитарлық жағдайы мен ас мәзірінің сапасын тексеріп, тексеру қорытындысы мектеп сайтының «тамақтану» айдпрына жарияланды.
Қыркүйек – қазан айында мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталып, әлеуметтік паспорты жасалынды.

| | |
|---|---|
| Көпбалалы отбасынан шыққан балалар саны | 72 |
| Аз қамтылған отбасынан шыққан балалар | 1 |
| Ата ана қамқорлығынсыз қалған балалар | 3 |
| Сенімхатпен тұратын оқушылар | 3 |
| Толық емес отбасының балалары | 13 |
| Өгей әкемен тұратын балалар | 2 |
| Атаулы әлеуметтік көмек алатын | 6 |
| Ерекше білімді қажет ететін оқушы | 1 |

Қыркүйек айында 4 сынып білім алушыларынан «Ас адамның арқауы» атты сауалнама алынды. Сауаалнаманың мақсаты : Мектеп асханасының жұмысы туралы оқушылардың пікірлерін білу, дұрыс тамақтану саласындағы оқушылардың сауаттылық деңгейін анықтау. Сауалнамаға 18 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде оқушылар өз ойларын нақты көрсете алған. Мектеп асханасы туралы жақсы ойда екендіктерін және басым көпшілігі мектеп асханасында дайындалатын тағамдардың ұнайтындығын көрсеткен.

Қыркүйек айында «Оқушылар дұрыс тамақтану және асханадағы тәртіп ережелерін сақтау туралы» баяндама оқылды. Баяндама мақсаты: Дұрыс емес тамақтанудың себептерін анықтау. Пайдалы және зиянды тағамдық заттармен таныстыру. Тамақтану ережелерін жаттау. Ұзақ өмір сүру үшін басты себеп — дұрыс тамақтана білуге тікелей байланысты екенін дәлелдеу. Дұрыс тамақтана білу мәдениетін тәрбиелеу.

Қазан айында «біртұтас тәрбие құндылықтар жүйесі» тақырыбында жалпы ата аналар жиналысы өткізілді. Мектепішілік ата аналар жиналысында  мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайы туралы ата аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен  қатар «Мектептегі асхана тамақтану туралы ата- анаға» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қорытынысы бойынша ата- аналар өз жауаптарында мектептегі тамақтандыру жүйесі қанағаттандыратындықтарын, мектепте ыстық тамақ ұйымдастыру ұтымды екенін және асхана мәзірімен танысуға әрқашан мүмкіндіктерінің бар екенін жауаптарында белгілей кетті.
https://www.instagram.com/reel/CzLuqpiIn5e/?igsh=YmVreDVtaGxneDN4

Мектеп психологімен бірлесіп «Буллингтің себептері түрлері, алдын алу жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты  «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу**.** Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Жаңа жыл қарсаңында «Балаларға қуаныш сыйла» акциясы аясында мектебіміздің 3 оқушысына қысқы киімдер мен жаңа жылдық тәттілер тарту етілді. Демеушілік білдірген «Әйке ЖОББМ» ұжымы мен «Әйке» теміржол бекеті ұжымдары болды.

«ДосболLIKE» акциясы негізінде көптеген шаралар ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты − ынтымақтастық арқылы оң қарым-қатынастың ең жақсы жолдарын табу және білім беру мекемелерінде достық, қауіпсіз кеңістік құру үшін оқушылар қауымдастығын біріктіру. «ДосболLIKE» акциясы 2024 жылдың 17 қаңтарынан 17 ақпанына дейін жалғасты. «ДосболLIKE»Достық қолын ұсын ұранымен 8сынып оқушылары  мектеп ұстаздарымен достық туралы пікір алмасын, достық қолдарын ұсынды. https://www.instagram.com/reel/C2iH59RoZmy/?igsh=OWFrd3AyYWRpcjk4 «ДосболLIKE»Көмекке асық достар болайық ұранымен мектеп оқушылары аспазшы апайларға көмек қолын ұсынды. https://www.instagram.com/reel/C2kiYukIpoW/?igsh=MTYyb2l1bmJxOTN5YQ== «ДосболLIKE» Көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/reel/C21fKLAoGfr/?igsh=MTdweG5lOHV4aWxqeQ==

«Сыныптағы қарым – қатынас» әлеуметтік семинары ұйымдастырылды. Семинар мақсаты: Оқушыларға қарым-қатынас ерекшеліктері жөнінде мағлұмат беру; Сыныптағы әр оқушының ерекше өз орны бар екенін сезіндіру, оқып жүрген сыныбы туралы көзқарасын қалыптастыру; Әр оқушы өзін-өзі және сыныптағы барлық оқушыларды сыйлауға тәрбиелеу. Оқушылар арасында достық қарым-қатынас қалыптастыруы.

https://www.instagram.com/reel/C7QfYtOobvL/?igsh=andjbXV5NWJqOGho

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша жалпы ата -аналар жиналысы өткізілді. « Мектеп жанындағы, қала сыртындағы жазғы демалыс лагерлерін ұйымдастыру туралы» түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

## Психологиялық қызметтің тиімділігі

Мектептегі психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан-жақты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Педагогикалық ұжыммен,жас мұғалімдермен, ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізіп, кеңестер береді.

**Өзекті мәселесі :**Жеке тұлғаны қалыптастыруға және қабілетін дамытуға қажетті психологиялық-әлеуметтік ортаның қалыптасуына ықпал ету.

**Мақсаты :** Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін анықтау. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

**Міндеті :**

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірде көзқарасы қажетті дәрежеде таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;

- Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету,жекеленген ауытқушылықтардың алдын алу;

- Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу,өз бетімен білім-біліктілікті дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Оқудың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық дамуын зерттеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың қарым-қатынасын реттеу.

Мектеп оқушыларының әрқайсысына жеке диагностикалық карта құрылып, жеке картада оқушы туралы жалпы деректер, отбасы, денсаулық жағдайы, оқушылардың арасындағы беделі, шығармашылық қабілетінің даму деңгейі анықталып, тиісті жұмыстар жүргізілді

**1 сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар.**

Биылғы оқу жылында бірінші сыныпқа 14 оқушы келді. Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтауда Керн-Йирасек тест алынды. Бұл тест үш тапсырмадан тұрады: еске байланысты ер адамның тұлғасын салу, жазба әріптерін салу,көшіру, нүктелер тобын салу. Баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын анықтау, сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырманы орындау қабілеттері, бейнелеу дағдылары жақсы бағалнды.
1сынып оқушыларымен таным процестерін зерттеуде «Қиынсыздықтар» , «Баспалдақ» , «Не жетіспейді?», «10 сөзді жаттау»,Зейінді дамытуда «Графикалық диктант» әдістемелері өткізіліп,сергіту жаттығулары жүргізілді.

2-3-4 клас оқушыларына «Өрнекті жалғастыр», «Байқағыштық», «Есте сақта», «Графикалық тиктант», «Интелектуалды даму деңгейін анықтау» әдістемелері алынып ,сергіту жаттығулары жүргізілді.
Психоматориканы дамыту мақсатында бастауыш сынып оқушылармен Арт терпия жүргізіліп,Нейро жаттығулар өткізілді.

**5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі**

5-сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне байланысты жОқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Социометрия» , «Лусканова сауалнамасы», «Менің сыныбым»атты суретті тест алынды.Ата-аналарға ,пән мұғалімдеріне орта буынға бейімделуде оқушылардың бойында болатын ерекшеліктер туралы кеңестер берілді.«Алақай, мен 5 сыныпта оқимын» тренинг-сабақ өтті.

**9-10 сыныптармен жұмыс.**

Жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық тандау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады. Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетілуі қажет.
9 -11 сынып оқушыларымен мамандыққа байланысты Климов сауалнамасы жүргізілді, оқушылардың бағыт-бағдары анықталды. «Мамандығың - мерейің» тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойларын ортаға салды.

**Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша жүргізілген жұмыс.**

9- 11 класс қыз балаларымен «Қыз қылығымен көрікті» тренинг,

9-11 класс қыздарына «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» баяндама оқылып, сонымен қатар қыздар ұйымының жетекшісі Ш.Байғожина жетінші және он бірінші сынып қыздарна қыз баланың тәрбиесіне, әдебіне, қарым-қатынасына байланысты түсіндіру жұмыстарын өткізді. Кездесу барысында барысында оқушыларға қыз баланың әдебі жайында сұрақтар қойылып, талданып өтілді. Сауалнаманың қорытындысы бойынша қыз балалар арасындағы жыныстық тиіспеушілікке қатысты орыналған жағдайлар анықталған жоқ.

«Ерте жүктіліктің алдын-алу» тәрбие сағаты, «Қыздар гигенасы мен физиалогиясының ерекшеліктері» тақырыбында дәріс оқылып, мектеп фельшері А.Қазыбаева жоғары сынып қыздарына жыныстық қатынасқа түспеуді, жүктілікке жол бермеу, жеке бас тазалығының ережелері, шаш, тырнақ, күтімі жайында ақпарат беріп, ұсыныстар айтып өтті.Ерте жыныстық қатынасқа түспеу, жүктілікке жол бермеу туралы қыздарға, ұлдарға кеңестер

берілді. Мектептің фелшері қыздар мен ұлдардың жеке бас тазалығының ережелерімен, шаш күтімі, тырнақ күтімі жайында түсіндірді.

«Ерте жүктіліктің зардаптары» дөңгелек үстел өткізілді.

6 клас қызбалаларымен «Қыздардың бес асыл қасиеті» тренинг ұйымдастырылды. 7-8 «Қазақ отбасындағы қыз баланың тәрбиесі» пікірталас өткізілді.

**Келеңсіз жағдайдың алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар.**

Балалар құқықтарын қорғауға арналған мектепішілік «Сенім жәшігі»,республикалық,облыстық,аудандық «Сенім телефондары» таныстырылып,әлеуметтік желіге жарияланды.Оқушыларға,ата-аналарға сұраныс бойынша жеке кеңес беру жұмыстары жыл бойы жүргізіледі. «Басса-Дарки»сауалнамасы 9-11 сынып оқушыларынан алынды. Мақсаты: бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.Қорытындысы: бойынша оқушылардан қастандық және агрессияның белгілері анықталмады.

**Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар.**

**Мақсаты:** балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

Қыркүйек айынның басында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бекітіліп, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау»кабинетінің салтанатты ашылуы өткізіліп,Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Әрбір бала-жарық жұлдыз» тақырыбында сабақ ұйымдастырылды.

Жоспарға сәйкес 1 класс ата-аналармен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»Баланың 1 класқа бейімделу, 5 класс ата –аналарымен «Баланың басты ұстазы – ата –ана» тренинг ұйымдастырылды, жалпы ата –аналар жиналысында «Кибербуллинг дегеніміз не ?» баяндама оқылып, бейнероликтер көрсетілді.

9 класс ата-аналарымен «Отбасымызда зорлық –зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында тренинг өтті.

11класс ата-аналарымен «Сіздің балаңыздың таңдаған мамандығына көзқарасы» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

10 класс ата-аналарымен «Суицидтің алдын-алу жолдары» тақырыбында баяндама оқылып,ойын-жаттығулар жүргізілді.

9класс ата-аналарымен «Мектеп және отбасы» тақырыбында трениг жүргізілді.

**Құқық бұзушылықтың алдын-алу барысында жүргізілген жұмыстар**

2023 жылдың қыркүйек айында Әйтекеби ауданы ПБ ЖПБҚ УПИ-ры полиция аға майоры Д .Әбдірахман 8,9,10 және 11 сынып оқушыларымен кездесіп,»Құқық бұзушылқтың алдын –алу ,есірткі мен нашақорлыққа жол жоқ және жол көлік оқиғасын алдын –алу» туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді,сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында видеороликтер көрсетілді.

Қазан айында 10-11 класс оқушыларына Бопсалаудың және кибербуллингтің алдын-алу барысында жасырын сауалнама алынып,»Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқылып,ақпараттар берілді.

6-7 класс оқушыларын «Өзіңді –зорлықтан қорға» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп ,түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу жөнінде 10-11 класс оқущыларының қатысумен «Балалардың құқытарын қорғаудың өзекті мәселелерін талқылау тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Желтоқсан айында Бастауыш сыныптарына «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» жаднама таратылды.

10 класс оқушыларымен «Өмір неткен керемет!» тақырыбында тренинг өткізілді.

Отбасында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата – аналарға баяндама оқылып, ойын-жаттығулар жүргізілді.

«Өзгеге әлімжеттік жасау әлсіздік» тақырыбында 9 класс оқушылармен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қаңтар айында 9-11 класс оқушыларына «Қылмыстық құқық бұзушылық және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Әйтекеби ауданының ЖПКБ УПИ полиция майоры Әбдірахман Дидар Мерекеұлы оқушыларға есірткі жөнінде,қылмыстық алааяқтық жөнінде дәріс оқыды.

Ақпан айында 12-16 күндері аралығында жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Заңды білу заман талабы» құқық апталығының іс-шара жоспары боцынша «Жасөспірім және заң» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

5-8 кластар арасында «Зорлық-зобылықсыз балалық шақ» тақырыбында ккрме ұйымдастырылды.

Сәуір айында 7-8 класс оқушыларымен «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

Сәуір айында 7-9 сынып ер балаларынан Буллингтің алдын-алу барысында сауалнама алынды.

«Өзіңді кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» балаларға арналған жадынама таратылды.

Мұғалімдермен «Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту» тақырыбында баяндама оқылып,«Бірлесе жүру», «Менің педагогикалық тұлғалық орным», «Мұғалім бейнесі», «Мұғалім әдебі», «Мектептегі зорлық-зомбыоллықтың алдын алу», « Адами қарым-қатынас тақырыптарынды тренингтер жүргізілді.

**Тәуекел тобындағы оқушылармен жүргізілген жұмыстар**

Тәуекел тобына – ерекше білімді қажет ететін -1 оқушы, өгей әкемен тұратын -2 оқушы алынды.

Өгей әкемен тұратын оқушылармен «Мен және менің достарым», «Өмірде жоқ жануар», «Ағаш,үй,адам» әдістемелері алынып, қортындысы шығарылды.

Ерекше білімді қажет ететін оқушымен әдістемелер жүргізіліп,коррекциялық, артикулияциялық жаттығулар өткізілді.

**Әйке жалпы орта білім беретін мектебі кітапханасының 2023-2024 оқу жылында жасаған жұмыстары**

Әйке орта мектеп кітапханасының аумағы 48 шаршы метр. Жалпы кітапхана қорында - 5405дана кітаптар бар,оның ішінде оқулықтар саны- 4456,,оқырмандар саны-260, кітап беру саны 700 Көркем әдебиеттер-192, журнал, кітапша саны -817, электрондық оқулықтар саны-161 дана

Мектеп оқушылары оқу жылы басында оқулықтармен толық 100 пайыз қамтылды.

2023-2024оқу жылы мектеп оқушыларының оқулықпен қамтамассыз етілу диагностикасы жасалып,жаңа оқу жылына оқу әдебиеті тізбесімен жұмыс жасалды Оқу әдебиеті қоры жинақталды.Тегін оқулықтармен оқушылар толық қамтылды.Жаңа түскен оқулықтар тіркеуге алынып,мектеп кітапханасының қорына енгізу жұмыстары жүргізілді.

Кітапхананың мақсаты: Кітапхана жұмысындағы заманауи әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқырмандардың функционалды сауаттылығын дамытып жүйелі оқуға тарту.Оқушылардың оқу дағдысына қалыптастыруға кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру.Білім алушыларды кітаппен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдерін үйрету,материялдарды іздеуге және талдауға үйрету,барлық білім беру процесінің ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.Мектеп кітапханасын заман талабына сай жаңаша келбет,жаңаша серпін қалыптастыруға ықпал етіп жас ұрпақтың білімін кеңейтіп,біліктілігін арттыру

Кітапхананың міндеттері: Оқырмандардың сұранысын орындау,олардың кітапханамен байланысын ,ақпараттық сұранысын білу,оқырманның кітапханаға деген көзқарасын қалыптастыру,заманауи әдіс тәсілдерді қолдану арқылы кітап оқуға деген ынтасын арттыру.

Оқырмандарға қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін қамтамасыз ету,рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту.Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту,жас ұрпақ санасына Отанға, туған халқына деген құрмет,сүйіспеншілік,мақтаныш сезімін ұялату,ұлттық рухты сіңіру.

Қазақстан әдебиеті мен мәдениетін,еліміздің және өлкеміздің тарихы бойынша кәтаптарды ,қазақ халқының әдеп ғұрпы мен дәстүрін белсенді насихаттай отырып,оқырмандардың қазақ жазушыларының шығармашылығына деген қызушылығын тереңдету.

Оқуға құштар мектеп жоба аясында оқушыларды ітап оқуға тартуға ата аналармен бірлескен жұмыс түрлерін атқару,кітапхана жұмысын жаңаша форматта жүргізу.

Мектеп кітапханасының негізгі жұмыс бағыты: Кітапханадан ақпарат алуда педагогтар ,ата-аналар,оқушыларға әдістеме –кеңестік көмектер көрсету.

Кітапхана жұмысында оқушылардың интеллектуалдық дамуына мүмкіндіктер жасау,әртүрлі газет-журнал,кітаптармен өзіндік шығармашылық ,ізденушілік жқмыстарын жүргізуде білім мен білік дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп кітапханасының негізгі функциясы:

Білімділік-мектептің оқу тәрбие жоспарында қалыптасқан білімділік мақсатты қамтамассыз ету және қолдау.

Ақпараттық –оқушылар мен мұғалімдердің оқырмандық сұраныстарын қанағаттандыру ,әр-түрлі ақпараттарды қолдануға мүмкіндік жасау.

Тәрбиелік жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға азаматтық,патриоттық ұстанымға тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспарында қарастырылғандай тәрбие бағыттарымен оқу бағдарламалары ескеріліп оқырмандармен түрлі жұмыстар жұргізілді.

«Білімге ұмтылу,еңбексүйгіштік және потриотизм»тақырыбында бірінші қыркүйек

Білім күніне орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Кітап және біз» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымн кітапхана ережелерімен таныстыру сабағы өткізілді. Әңгімелесу. Кітапты ұстау мәдениеті. Балаларда кітапқа деген оң көзқарасты қалыптастыру. Ктіпты ұстау тәртібімен таныстыру. Жыртылған кітапты жөндеу дағдысына үйрету.

Кітапханаға алғашқы қадам: «Кітаптар қаласына саяхат». Кітапты қолдану тәртібі: «Кітап шеберханасы» Кітапханаға алғашқы қадам. Кітапханаға саяхат: «Мұнда балалар келіп, әлемдегінің барлығын біледі». «Оқырман», «кітапхана», «кітапханашы» ұғымдары. Кітапхананы пайдаланудың басты ережелерімен таныстырылды.

Халықаралық отбасы күніне бастауыш сынып оқушыларына сурет көрмесі ұйымдастырылды.

«Кітаппен бірге жаңа әлем» тақырыбында өзің оқысаң ,өзгеге ұсын қағидасында негізделген букроссинг бұрышы жасалып,оқырмандар арасында кітап алмастыру акциясы жүргізілді.

«Кітапхана және оқырман» келген оқушыларды оқырмандар қатарына қабылдау,тіркеу жұмыстары жүргізілді.

«Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» Қазақстан халқы тілдер күніне орай А.Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы дәріптеу мақсатында кітап көрмесі жасалып, оқушыларға танымдық сабақ өткізілді.

Мектеп кітапханасына келген жаңа кітаптармен, әдебиеттерді оқушыларға таныстыру, насихаттау, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында «Жаңа кітаптар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Үш тұғырлы тіл - уақыт талабы» атты тілдер апталығында «Ой маржаны - кітап» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбында ұсынылған кітаптарды оқу ұйымдастырылды.

Мұғалімдерге жаңа оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер, педагогикалық журналдар мен газеттер туралы ақпараттар беру Жаңа оқу жылына оқулықтар мен оқу құралдарын тиімді таңдауға бағытталған пән мұғалімдері ӘБ ақпараттық кеңес беру ісі жүргізілді.

Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында кітап көрмесі жасақталып, Тәуелсіздік халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіздік жолындағы ерлік күрес, ұлт зиялыларына тоқталып, жеткен жетістіктермен таныстырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз»тақырыбында ұсынылған іс шараға оқушылар қатысып көркем әдебиеттер оқыды.

Қазақ әдебиетінің майталманы Ғабид Мүсреповтың шығармаларымен таныстыру жүргізілді. Буктрейлердің міндеті болашақ оқырманды қызықтыру және кітапқа қызығушылығын ояту, сюжеттк желілер мен көркем шығармалар кейіпкерлеріне назар аударту.

«Салауатты өмір заман талабы»тақырыбында орта буын оқушыларымен танымдық сабақ өткізілді.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің «Тоғыз айға тоғыз іш шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп»республикалық челлендж барысында Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесін 10 сынып оқушылары оқып, оқырмандарға ұсынды.

«Менің сүйікті кітабым»атты челленджге оқушылар қатысып өздерінің қалаған кітаптарын оқып, ұсынды.

Келесі оқу жылына оқулықтарға сұраныс беріліп, бекітілді. Баспасөз екінші жарты жылдыққа газет журналдарға жазылу каталогпен жұмыс жүргізілді.

Жазғы демалыс қарсаңында «Мамыр - ынтымақ айы» аясында мектеп оқушыларына «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингі челленджі басталып, «Оқы және өзгеге ұсын» қағидасы бойынша оқушылар акцияға белсене қатысып, өз қлестерін қосты.

Оқу жылының аяғында оқулықтарды жинап,тексеру,оқулық қорымен жұмыс жүргізілген.

Мектеп директоры: Жумагалиева Н.А.

Комиссия мүшелері: Сарсембаева Г.Н.

Өмірбекова А.А.

Қазбай К.О.

Маханова М.Р.